

«ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» АҚ



«БЕКІТЕМІН»

ОКМА ректоры, профессор

М. Рысбеков

2024ж.








SOUTH KAZAKHSTAN
**MEDICAL
ACADEMY**

РЕЗИДЕНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
7R01126 Урология және андрология (ересектердің, балалардың).

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Хирургия кафедрасы Білім беру бағдарламасы 7R01126 Урология және андрология (ересектердің, балалардың)	044-44/ 22 Р () 17 беттің 2 беті

Урология және андрология (ересектер, балалар) Резидентураның білім беру бағдарламасы «Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 46 бұйрығы негізінде әзірленген.

Лауазымы	Аты-жөні	Қолы
Әзірленді		
Хирургия кафедрасының ПОҚ		
Кафедра меңгерушісі, м. ғ. к., доцент м.а	Жумагулов К.Н.	
Кафедра м. ғ. к., доцент м.а	Баймедетов Р.Е	
ассистент	Абилов Д.О	
Практикалық денсаулық сақтау өкілі		
ОКА урология бөлім меңгерушісі м.ғ.к.	Байменов Ч.Б	
Урология және андрология (ересектер, балалар) ББ резиденті	Ердалы Ә.М	
Кафедра отырысының хаттамасы № 615 "25" " " қаңтар " 2024 ж.		
Резидентура КОП отырысында талқыланды		
Хирургия бағытындағы КОП төрағасы	Кульбаева С.Н	
Хаттама № 5 "26" " " қаңтар " 2024 ж.		
ОҚМА АҚ Бірінші проректорымен келісілді м.ғ.к., профессор Хаттама № _____ от « 30 » « 01 » 202 ж.	Есиркепов М.М.	
Ғылыми кеңес бекіткен		
Хаттама № 14 "31" " " қаңтар " 2024 ж.		

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Хирургия кафедрасы		
Білім беру бағдарламасы 7R01126 Урология және андрология (ересектердің, балалардың)		044-44/ 22 Р () 17 беттің 3 беті

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

1. Білім беру бағдарламасының миссиясы: Жоғары мамандандырылған, бәсекеге қабілетті уролог және андролог дәрігерлерді даярлау саласында көшбасшы ретінде танылу

Оқу мерзімі - 3 жыл

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік – дәрігер уролог және андролог ересектердің, балалардың

2. Білім беру бағдарламасының мақсаты: кәсіби құзыреттілік жүйесі бар, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсете білетін; мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек жағдайында дербес кәсіби қызметке қабілетті және дайын білікті уролог-андролог дәрігерін даярлау.

3. Білім беру бағдарламасының негіздемесі: Урология және андрология бойынша резидентурада білім алушылардың даярлық деңгейіне міндетті талаптар қою есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің жоғары сапасына қол жеткізу; оқу процесін регламенттеу және урология және андрология бойынша резиденттерді даярлауды жүзеге асыратын білім және ғылым ұйымдары жұмысының тиімділігін бақылау жүйесін құру; резидентурада білім алушылардың құқықтары мен жауапкершілігін ретке келтіру, резиденттердің урология және андрология бойынша дербес оқу және практикалық қызметін ынталандыру; практика мен теорияның интеграциясын қамтамасыз ету; негізгі медициналық емдеу-диагностикалық және профилактикалық араласу дағдыларын бекіту; ерте, дифференциалды диагностиканың қазіргі заманғы қағидаттары бойынша практикалық дағдыларды жетілдіру, дәлелді медицина, урология және андрология әдістерін қолдана отырып хирургиялық ауруларды емдеу және алдын алу тұрғысынан алынған зерттеу нәтижелерін түсіндіру; сараптамалық, профилактикалық және емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізу кезінде дәрігерлік этика мен деонтология талаптарын сақтауға үйрету.

4. Кәсіптік стандарт, соның негізінде білім беру бағдарламасы әзірленген:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығы: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 өзгерістер мен толықтырулар 2023 жылғы 20 ақпандағы № 66;

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы: «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» 04.07.2022 жылғы № ҚР ДСМ-63;

3, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы: «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 09.01.2023 жылғы № 4 бұйрығы;

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрінің бұйрығы: Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім кезеңімен енгізуді бекіту туралы 08.08.2022 жылғы № 661;

5. Қазақстан Республикасының Кодексі: Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы 07.07.2020 жылғы N 360-VI (04.07.2022ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

6. Қазақстан Республикасының заңы «Білім туралы» 27.07.2007 жылғы N 319-III өзгерістер мен толықтырулар 04.07.2022.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы 16.10.2013 жылғы 29 желтоқсандағы № 420;

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы: 20.04.2011 жылғы № 152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (06.05.2021 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Хирургия кафедрасы		044-44/ 22 Р ()
Білім беру бағдарламасы 7R01126 Урология және андрология (ересектердің, балалардың)		17 беттің 4 беті

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы: Клиникалық мамандықтар бойынша үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы 30.01.2008 жылғы № 27 (14.05.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 30.10.2018 жылғы 29 желтоқсандағы N 595.
11. Кәсіби стандарт: Қазақстан Республикасында урологиялық және андрологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 83 бұйрығы.
12. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқау» № 45 ММ ОМБ директорының бұйрығы ҚР БҒМ 2021 жылғы 30 маусымдағы
13. АҚ "ОҚМА" білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен рәсімдері туралы "29.05.2019 ж.
14. АҚ "ОҚМА" -ның ішкі нормативтік құжаттары.

5. Кәсіби қызмет саласы: 7R01126 Урология және андрология білім беру бағдарламасын меңгеру халыққа госпитальға дейінгі және госпитальдық деңгейде хирургиялық көмек көрсетуді қамтиды.

6. Кәсіби қызмет объектілері:

1. денсаулық сақтауды басқаруды ұйымдастыру;
2. білім беру ұйымы;



Жалпы мәліметтер

№	ББ сипаттамасы	Деректер
1	Тіркеу саны	7R01100275
2	Білім беру саласының коды және сыныптамасы	7R01Денсаулықсақтау (медицина)
3	Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі	7R011Денсаулықсақтау
4	Білім бағдарламасының тобы	R026 «Урология және андрология (ересектердің, балалардың)»
5	Білім бағдарламасының аталуы	7R01126 «Урология және андрология (ересектердің, балалардың)»
6	БББ түрі	Жаңартылған БББ
7	МСКО бойынша деңгей	7
8	НРК бойынша деңгей	7
9	ЖРБ бойынша деңгей	7
10	БББ негізгі ерекшеліктері	жок
	Серіктес ЖОО (Бірлескен ББ)	жок
	Серіктес ЖОО (қос дипломды ББ)	жок
11	Құзыреттер тізбесі	КҚ1 Медициналық білім: Білікті медициналық көмек көрсету үшін кәсіби және ғылыми медициналық білімді сарапаттау КҚ2 Коммуникациялар: Пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның қоршаған ортасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара қарым-қатынас жасау КҚ3 Клиникалық дағдылар: Базалық күрделілік санатындағы білікті медициналық көмекті жүзеге асыру. Халыққа екінші күрделілік санатындағы білікті медициналық көмек көрсету стратегиясын айқындау КҚ4Кәсіпқойлық: Денсаулық сақтау ұйымдарындағы қызметті үйлестіру. Шешім қабылдау және білікті медициналық көмек көрсету нәтижесі үшін жауапкершілік алу қабілеті КҚ5 Жеке және кәсіби даму: өз бетінше оқу және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқыту, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысу қабілеті КҚ6 Нормативтік-құқықтық білімдер: Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық аясы шеңберінде әрекет ету қабілеті. КҚ7 Зерттеулер: Өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін зерттеу және бағалау, ғылыми деректерге негізделген ауруларды диагностикалау қағидаттарын қолдану қабілеті.
12	Оқыту нәтижелері	ОН1 Урология және андрология бойынша көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті.



		ОН2 Пациент үшін жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасымен, Денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті ОН3 Жоғары қауіпсіздік деңгейін және урология және андрология бойынша көмек сапасын қамтамасыз ету үшін қауіптерді бағалауға және ең тиімді әдістерді қолдануға қабілетті ОН4 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру саласы шеңберінде өз мамандығы бойынша әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби аралық командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті ОН5 Адекватты зерттеу мәселелерін тұжырымдай алады, кәсіби әдебиеттерді сыни бағалай алады,өзінің күнделікті қызметінде Халықаралық базаларды тиімді пайдалана алады, зерттеу тобының жұмысына қатыса алады. ОН6 Өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.
13	Оқутүрі	Күндізгі
14	Оқу тілі	Қазақша және орысша
15	Кредиттер көлемі	210
16	Оқу мерзімі	3 жыл
17	Берілетін академиялық дәреже	Дәрігер-уролог және андролог ересектердің, балалардың
18	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның болуы	KZ22BFA00167288
19	ОББ-да аккредитацияның болуы	Бар
	Аккредитациялық ұйымның атауы	ҰБ «Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі»
	Аккредитацияның уақыт мерзімі	№ АВ 4363 Резидентура 10.06.2022 -09.06.2027
20	Пәндер бойынша ақпарат	Қосымша 1.2

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Хирургия кафедрасы		
Білім беру бағдарламасы 7R01126 Урология және андрология (ересектердің, балалардың)		
044-44/ 22 Р ()		
17 беттің 7 беті		

Қосымша 1.1

Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерінің қалыптастырылатын қүзыреттермен арақатынасының матрицасы

	ОН1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6
КҚ1	+		+		+	
КҚ 2		+		+		+
КҚ 3	+		+	+		
КҚ 4	+	+	+	+		
КҚ 5		+			+	+
КҚ 6			+	+		+
КҚ 7	+		+		+	+

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Хирургия кафедрасы		044-44/ 22 Р ()
Білім беру бағдарламасы 7R01126 Урология және андрология (ересектердің, балалардың)		17 беттің 8 беті

Қосымша 1.2

Құзыреттерге/оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Цикл (БнП, ПД)	Ком- понент (МК, ВК, КВ)	Креди- ттер көлемі	Қалыпта- стырылған оқыту нәтижесі (кодтары)
1	Урология	ҚР-да урологиялық және андрологиялық көмекті ұйымдастыру және көрсету кезінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілер. Урологиядағы аурулардың эпидемиологиясы, этиологиясы және патогенезі. Урологиядағы науқастарды диагностикалау мен заманауи емдеудің әдістері. Науқасты курациясы. Урологиядағы дәлелді медицина. Стационарлық жағдайда "урология" бейіні бойынша ересектерге мамандандырылған медициналық көмек көрсету. Несеп-жыныс жүйесінің ауытқулары. Урологиядағы науқастарды жүргізу кезіндегі коммуникативтік дағдылар.	БнП	МК	55	ОН1 ОН2 ОН4
2	Андрология	Андрология аурулары бойынша жаңа инновациялық технологиялар және диагностикасы. саралау диагностика, тиімді емдеу әдістері. Ұрпақты болу жүйесінің аурулары. Ерлер гипогонадизмі. Семіздік және липидтер алмасуының бұзылуы. Ерлерлегі зәр шығару жолдарының инфекциясы: простатит, простата абсцесі, везикулит, уретрит, баланит, баланопостит. ерлердегі бедеулік: обструктивті және обструктивті емес азооспермия. Сексопатология мәселелері.	БнП	МК	20	ОН1 ОН3
3	Онкоурология	Онкологиядағы бейімділік. Онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау мен алдын алудағы генетикалық зерттеулер. Онкологиялық ауруларды саралау диагностикалау әдістері, оның ішінде жоғары технологиялар. Қолданыстағы клиникалық ұсыныстарға (емдеу хаттамаларына) сәйкес несеп-жыныс жүйесінің ісіктері бар науқастарды	БнП	МК	18	ОН1 ОН2

		емдеу принциптері. өсінді бар науқаспен қарым-қатынас, дәрігердің құпиясы және дәрігердің анты.				
4	Балалар урологиясы	Бүйректің, зәр шығару жолдарының және ерлердің және балалардың жыныс мүшелерінің анатомиялық-функционалдық қалыпты жағдайын бағалау. Диагнозды тұжырымдау, балалардағы тексеру көлемі мен емдеу тактикасын негіздеу. Жедел хирургиялық және урологиялық аурулардың саралау диагностикасы. Жедел медициналық көмек көрсету. Балалармен, олардың заңды өкілдерімен және әріптестерімен жұмыс жасаудағы дәрігерлік этика және деонтология принциптері. Көрсетілген көмектің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау.	БнП	МК	35	ОН1 ОН2 ОН3
5	Фтизиоурология	Дәлелді медицина негізінде несеп-жыныс жүйесінің туберкулезімен ауыратын науқастарды диагностикалау, консервативті және жедел емдеу әдістері, этиологиясы, патогенезі, клиникалық көрінісі. Фтизиоурологиялық науқастарға арналған арнайы химиотерапия. Патогенетикалық терапияның принциптері мен әдістері. Фтизиоурологиядағы клиникалық зерттеулер. Клиникалық зерттеулер жүргізу ережелері. Фтизиатрлар мен урологтардың бірлескен қызметі. Несеп-жыныс жүйесінің туберкулезімен ауыратын науқастарға диспансеризация жүргізу, оның тиімділігін талдау. Фтизиоурологиялық бейіндегі науқастарды оңалту, оның принциптері.	БнП	МК	5	ОН3 ОН5
6	Эндоурология	Лапароскопиялық ота жасау бөлмесінде жұмысты ұйымдастыру принциптері. Науқастарды отаға дайындау. Диагностикалық лапароскопиялық зерттеулер жүргізудің техникалық ерекшеліктері. Жедел лапароскопияның техникалық ерекшеліктері. Лапароскопиялық хирургия қаупін бағалау және пациенттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Урологиялық науқастарды	БнП	МК	32	ОН3 ОН6

		эндоскопиялық емдеудің негізгі принциптері мен түрлері. Ретроградтық интрауретральды хирургия. Уретраның тарылуын емдеу. Әріптестермен және білім алушылармен пікірталас кезінде пациенттерді басқару бойынша қорытындыларды тұжырымдау және олардың негіздемесі.				
7	Урологиядағы сәулелік диагностика	Ультрадыбыстық қызметті ұйымдастыру және директивті құжаттар: бұйрықтар, нұсқаулықтар, ережелер, УДЗ бөлімшелерінің есептілігі. Ультрадыбыстық әдістер-бір өлшемді эхография, доплерография, дуплексті сонография. Ересектер мен балалардағы аурулардың жүйелік ультрадыбыстық диагностикасы. Несеп-жыныс жүйесінің ультрадыбыстық зерттеуі. Балалардағы ультрадыбыстың ерекшеліктері. Урологияда ультрадыбыстық диагностиканы қолдануға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. Сауалнаманың этикалық аспектілері. Науқасты дайындау. Алынған мәліметтерді түсіндіру және клиникалық диагноз. Кәсіби топта оқыту және өзін-өзі оқыту.	БнП	МК	15	ОН1 ОН2 ОН4
8	Амбулаториялық-емханалық урология	Амбулаториялық урологиялық көмекті ұйымдастыру принциптері. Урологиялық ауруларды консервативті емдеуге көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. Алғашқы мамандандырылған медициналық-санитариялық көмек стандарттары, оның ішінде Мамандандырылған жоғары технологиялық медициналық көмек стандарттары. Дәлелді медицина принциптеріне негізделген урологиялық науқастарды диагностикалау мен емдеудің заманауи принциптері. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезеңінде сапаны қамтамасыз ету. Амбулаториялық көмек деңгейінде зерттеу жүргізу ерекшеліктері.	БнП	МК	20	ОН3 ОН5

Барлығы					200	
1	Анестезиология және каркынды терапия	Шұғыл көмек көрсету кезіндегі бүйрек, зәр шығару жолдары және жыныс мүшелерінің аурулары және (немесе) жағдайлары. Өмірге қауіп төндіретін синдромдарға арналған каркынды терапия: жедел тыныс жетіспеушілігі, жедел жүрек-қан тамырлары жеткіліксіздігі, конвульсия және гипертермиялық синдромдар, шоктар. Қолайсыз нәтижемен науқастың туыстарымен әңгімелесу ерекшеліктері. Операция алдындағы кезең және науқасты анестезияға дайындау. Ықтимал тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, жергілікті анестезия әдістері. Тәуекелге негізделген жергілікті анестезия әдістері.	БнП	ТК	4	ОН2 ОН3 ОН6
	Урологиядағы оңалту	Несеп-жыныс жүйесінің аурулары бар науқастарды оңалтуға арналған көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. Оңалту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу. Реабилитологтармен жұмыс жасау. Урологиялық науқастарды оңалту, санаторий-курорттық емдеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін, оның ішінде мүгедектерді оңалту немесе абилитациялаудың жеке бағдарламасын іске асыру кезінде дәрігер-мамандарға жіберу. Оңалтуды жүргізу. Пациенттермен байланыс. Оңалтудың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау. Оңалту дағдыларын үйрету және тәжірибені резидент дәрігерлеріне беру.	БнП	ТК		ОН2 ОН3 ОН6
2	Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы	Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу. Кәсіби әдебиеттер мен құқықтық актілерге шолу. Қажетті медициналық құжаттарды дайындау. Медициналық тексерулерді, оның ішінде мерзімді және алдын ала тексерулерді жүргізу. Еңбекке қабілеттілігінің тұрақты төмендеуі	БнП	ТК		ОН1 ОН2 ОН5

	бар пациентпен өзара әрекеттесу ерекшеліктері. Пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптамадан өтуге жіберуге арналған көрсеткіштер. Еңбекке уақытша жарамсыздық және еңбекке қабілеттіліктің тұрақты төмендеуін диагностикалау. Еңбекке жарамсыздық парақтарын беру тәртібі.				
Урология бөлімшесінде жұмысты ұйымдастыру	"Урология" бейіні бойынша медициналық құжаттаманы ресімдеу ережесі. Еңбектерді қорғауды ұйымдастыру, жеке қауіпсіздік және конфликтология негіздері. Медициналық аппараттық жүйелердегі жұмыс ережелері. Құқықтық өрісті ескере отырып, урологиялық бейіндегі медицина қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері. Қарамағындағы медициналық персоналдың лауазымдық міндеттерінің орындалуын бақылау. Тіркелген халықтың денсаулығын бағалау үшін сырқаттанушылықтың, мүгедектіктің Медициналық-статистикалық көрсеткіштерін зерттеу және талдау.	БнП	ТК	4	ОН1 ОН2 ОН5
Барлығы				8	
ҚОҒАМДЫ АТТЕСТАТТАУ				2	
ЖАЛПЫ				210	

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Хирургия кафедрасы		044-44/ 22 Р ()
Білім беру бағдарламасы 7R01126 Урология және андрология (ересектердің, балалардың)		17 беттің 13 беті

Әр түрлі оқыту әдістерімен ОН-ға қол жеткізу матрицасы

ОН (кодтар)	Оқыту және оқыту әдістері	
ОН1 Хирургиялық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті.	емдеу жоспарын талдау, резиденттен кері байланыс	Жағдайларды ұйымдастыру, медициналық құжаттаманы жүргізу
ОН2 Пациент үшін жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасымен, Денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті	Күнделікті кестеге сай жүргізу.	Медициналық құжаттарды толтыру.
ОН3 Жоғары қауіпсіздік деңгейін және хирургиялық көмек сапасын қамтамасыз ету үшін қауіптерді бағалауға және ең тиімді әдістерді қолдануға қабілетті	Клиникалық жұмысты бақылау	
ОН4 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру саласы шеңберінде өз мамандығы бойынша әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби аралық командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті	Клиникалық жұмысты бақылау	Медициналық құжаттарды толтыру.
ОН5 Адекватты зерттеу мәселелерін тұжырымдай алады, кәсіби әдебиеттерді сыни бағалай алады,өзінің күнделікті қызметінде Халықаралық базаларды тиімді пайдалана алады, зерттеу тобының жұмысына қатыса алады.	Көпшілік алдында сөйлеу, Оқу және ғылыми әдебиеттермен жұмыс	Тезистер, мақалалар жазу
ОН6 Өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.	Бақылау.	

Бағалау әдістерінің ОН-ға қол жеткізу матрицасы

ОН(кодтар)	Бағалау әдістері	
ОН1 Хирургиялық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті.	Тест сұрақтарына және ситуациялық жағдайдағы есептер жиыны, ауызша сұрақтар	Чек парағы: Жағдаяттық есептерді дайындау және шешу.
ОН2 Пациент үшін жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасымен, Денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті	Тәжірибелік дағдыларды орындау, кіші клиникалық емтихан жүргізу	Чекпарағы: «Практикалық дағдыларды бағалау критерийлері». Күнделік толтыру
ОН3 Жоғары қауіпсіздік деңгейін және хирургиялық көмек сапасын қамтамасыз ету үшін қауіптерді бағалауға және ең тиімді әдістерді қолдануға қабілетті	PS-Науқасты тексеру. Дәрігердің қызметі туралы жазбаларды талдау	Чекпарағы: «Практикалық дағдыларды бағалау критерийлері». кәсіби дағдылар.
ОН4 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру саласы шеңберінде өз мамандығы бойынша әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби аралық командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті	Стандартталған науқас	Чекпарағы: «Практикалық дағдыларды бағалау критерийлері». «Бағалау360 ⁰ »./
ОН5 Адекватты зерттеу мәселелерін тұжырымдай алады, кәсіби әдебиеттерді сыни бағалай алады,өзінің күнделікті қызметінде Халықаралық базаларды тиімді пайдалана алады, зерттеу тобының жұмысына қатыса алады.	Презентация дайындау. Мақала жазу	Тақырыпқа презентацияны бағалауға арналған чек парақтары.
ОН6 Өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.	Портфолио	Портфолионы бағалауға арналған чек парақтары.

Оқудың барлық кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Пәндер циклі	Пән коды/	Пәндердің/ модульдердің атауы/	Кредит саны	Жалпы сағат	Аудитор- лық	РӨЖ		1 оқу жыл ы	2 оқу жыл ы	3 оқу жыл ы	Бақылау түрі	КА	
						РТОЖ	РӨЖ/						
БнП		БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІ	208	6240									
БнП	МК	Міндетті компоненті	200	6000									
		R-Uro	Урология	55	1650	330	1072	248	55			Емтихан	
		R-APU	Амбулаториялық- емханалық урология	20	600	120	390	90		20		Емтихан	
		R-BU	Балалар урологиясы	35	1050	210	682	158			35	Емтихан	
		R-And	Андрология	20	600	120	390	90			20	Емтихан	
		R-USD	Урологиядағы сәулелік диагностика	15	450	90	292	68	15			Емтихан	
		R-OnU	Онкоурология	18	540	108	351	81		18		Емтихан	
		R-FtU	Фтизиоурология	5	150	30	97	23			5	Емтихан	
		R-EnU	Эндоурология	32	960	192	624	144		32		Емтихан	
	ТК	Таңдау компоненті		8	240	48	156	36			8		
R-AKT R-UO		Анестезиология және карқынды терапия Урологиядағы оңалту	4	120	24	78	18			4	Емтихан		
R-EUZhS		Еңбекке уақытша	4	120	24	78	18			4	Емтихан		



	R-UBZhU	жарамсыздық сараптамасы Урология бөлімшесінде жұмысты ұйымдастыру									
Жалпы			208	6240	1248	4056	936*				
АА	АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ										
КА	ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ		2	60					2		60
Барлығы			210	6300	1248	4056	936	70	70	70	60